



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

***ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА***

***Қаныш Имантайұлы Сәтбаев***

***библиографиялық көрсеткіш***

***Ақтөбе – 2024***

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*

*Ғылыми кітапхана*

*Зерттеушілерді қолдау офисі*

*Қаныш Имантайұлы Сәтбаев*

*библиографиялық көрсеткіш*

*Ақтөбе – 2024*

*ӘОЖ 821  
КБЖ 84(5Қаз)  
С 21*

*Қ.Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Тастанқұлов Е.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы.2024.–23бет.*

## *АЛҒЫ СӨЗ*

2024 жылдың айтулы даталарының бірі – геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл.

Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діттеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі – ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы – іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Алайда осындай атақ-дәрежелерге қарамастан Қ.Имантайұлы әкімшілдік-әміршілдік жүйе орнатқан қоғамдық тәртіпке сенімсіз адам болып та саналған.

Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен туындылары және шығармашылығы жайлы мәліметтерді жинап биобиблиографиялық көрсеткіште әдебиеттер тізімі ұсынылды.

Көрсеткіште Қ.Сәтбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы материалдар енгізілді.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

## **ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Қ.И. Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде (31 наурыз) Семей губерниясы Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының № 4 ауылында (қазіргі ҚР Павлодар облысының Баянауыл ауданы) орта жүз арғын руының қаржас (Сүйіндік) деген еліне жататын Имантай би Сәтбаевтың отбасында дүниеге келген.

Сәби туған кезде оған Ғабдолғани деген есім беріпті, бірақ анасы Әлима оны еркелетіп Ғаныш, Қаныш деп атаған. Кейін бәрі баланы Қаныш деп атап кеткен екен. Кезінде ҚазКСР ҒА академигі Қ.Жұмалиев Қаныш Имантайұлы туралы бейнелі түрде былай деген еді: «Ол бала күнінен тау бөктерін тамашалап, шатқалдардағы тау ағындарына құлақ түріп, жазғытұрымғы қымыз іспетті шөптер мен гүлдердің иісі сіңген ауамен тыныстап өсті.

Қазақстанның қатал да нәзік, тәкаппар да мейірімді табиғаты бауырына алып, қанатын қатайтты».

Ол анасынан ерте айырылып, жастайынан білімге құштар болды. Қаныш алдымен араб тілінде оқытатын ауыл мектебінде білім алып, кейін Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ гимназиясында оқиды.

Оның сыныптастарының арасында кейін қуғын-сүргінге ұшыраған атақты қазақ драматургы, прозашы және ақын Ж. Аймауытов болды. Одан кейін оның өмірінде немере ағасы, орыс филологиясының оқытушысы А.З. Сәтбаев (1937 жылы ол атылады) басқарған Семей мұғалімдер семинариясындағы кезең

басталады. Семей қаласында Қаныш Сәтбаев А. Байтұрсынов, М. Дулатовпен, демократ ақын С. Торайғыровпен кездескен, ал М. М. Әуезов және Ә. Марғұланмен бірге оқыған. Семинарияда атақты ағайынды-өлкетанушы Белослюдовтар, ерлі-зайыпты ағартушылар – Назипа және Нұрғали Құлжановтар сабақ берді.

Жас талаптың денсаулығы сыр бергендіктен, диплом алу үшін емтиханды мерзімінен бұрын тапсырады. 1920-1921 жылдары Сәтбаев туған өлкесіне оралып, асқынған туберкулез дертінен қымыз ішіп емделеді. Осы кездерде ол Шәрипа Омаровға үйленіп, ол некеден Ханиса атты қызды болады. Болашақта Ханиса Қанышқызы медицина ғылымдарының докторы, С.Н. Асфандияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеттің құрметті профессоры, Қазақ ССР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері.

1921 жылы Сібір технологиялық институтының студенті, кейін тұңғыш қазақ математика профессоры А. Ермековтің арқасында жас Қаныш томскілік геология профессоры, болашақ академик М.А. Усовпен кездеседі. Бұл кездесудің Қаныш тағдырындағы мәні зор.

«Сәтбаевтың 1921 жылдың ортасында Баянауылда қымыздан шипа іздеп келген Томск технологиялық институтының профессоры М.А. Усовпен кездесуі оның тағдырында шешуші рөл атқарды. Оның геология жайлы әңгімелерінің 22 жасар жігітті қызықтырғаны соншалық, Сәтбаев 1921 жылы халық судьясы лауазымын тастап, Томск технологиялық институтына түседі» деп жазады

Томск қаласындағы Қ.Сәтбаевтың студенттік жылдары туралы кітаптың авторы И.Т. Лозовский.

1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Томск технологиялық институтын табысты аяқтап, тау-кен инженер-геологы дипломын иеленген қазақтың алғашқы азаматы ретінде халық шаруашылығы Орталық кеңесінің қарамағына жіберіледі. Қаныш әлемдегі ең ірі мыс кен орны Қарсақпайда екендігін дәлелдеу үшін аттай 15 жылын сол жерде өткізеді. Мұнда ол «Атбасцветмет» трестінің геология бөлімін басқарды. Оның құрамына Қарағанды көмір бассейні, Успенский мыс руднигі, Спасск мыс балқыту зауытын қамтыған Спасск комбинаты мен салынып жатқан Қарсақпай мыс балқыту зауыты, Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері мен Қорғасын кен орнынан тұратын Қарсақпай комбинаты кіретін.

Жас маманға Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалар қорларын жоспарлы түрде анықтау бойынша алғашқы стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу сынды маңызды міндет жүктелді.

Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діттеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады.

## ***ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ***

1. Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтыны да мақтап жарытпақ емес.
2. Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен қту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.
3. Ғалымға азық бере қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.
4. Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет.
5. Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен қарасаңыз, сөз жоқ, жеңіске жетесіз.
6. Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірбиелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады.
7. Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.



## **ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР**

*Сәбит Мұқанов:*

### **ДАРА ШЫҚҚАН ДАРЫН ЕДІ**

Қаныш тек қазақ халқының ғана мақтанышы емес, ол — бүкіл совет ғылымын шырқау биікке шығарғандардың бірі.

Қөз алдыма Қаныштың бейнесі қайта-қайта келе береді. Сонау алғашқы табысқан жылдардан бергі білгендерімнің бәрі ойыма орала береді. Сол сәтте Қаныш тек жақсылығымен, үлкендігімен, дарындылығымен Даралығымен, асқан адамдығымен алдымда тұрғандай болады. Солай да еді.

Мен 1928 жылы Қарсақбайға барған болатынмын.

Қазақстан кеншілерінің кажырлы еңбегін, қайнаған емірін, жер астының жасырын сырларын жалықпай ақтарып жатқан халқымыздың ардақты ұлдарын көрсем деп барғанмын. Сол сапарда Қанышка жолықтым. Ол кезде Сәтбаев Қарсақбайда геологиялықбарлау партиясының бастығы еді.

Сол сапарда Қаныштың қасында бір ай жүрдім. Қазақстандағы жер астының байлығы туралы, алуан кеннің сырлары туралы көп әңгімені, көп жайды содан алған едім.

Қаныш асқан ғалым еді. Бұған коса жан дүниесі бай адам болатын. Кейбір ғалымдар өз саласын ғана жете біліп, өзге дүниеден азғантай мағлұматтармен жүре береді ғой. Ал Қаныш олай емес еді. Ол жанжақты ғалым болатын. Көркем әдебиетті көп білетін, енердің сансаласына ой жіберіп, жақсы пікірлер айтып отыратын. Жалпы Қаныш сөзге сараң кісі еді. Ол өз білгенін орынсыз айта бермейтін. Ал кездесулерде, үлкен жиындарда, бас қосуларда басқалардан озық шығып, ойлы келіп отырады. Ғылымның бар саласынан бес саусақтай хабардар еді, бәрі де

жете білетін. Әркім одан жақсы ой, пайдалы пікір, әдемі әңгіме, алуан жаңалық есту үшін баратын.

Мен осындай дара шыққан адамның бейнесін көптің алдына үлгі етсем деп жүруші едім. Өзімнің «Есею жылдары» деген кітабымда «Қарсақбай сапары» деген үлкен бөлім бар. Сол үлкен бөлім Қанышқа арналған. Мен осы бөлімде өзімнің ол туралы ойға түйгендерімді айтқанмын. Осы бөлімде мынадай бір пікір бар. Бұл сол Қарсақбай сапарына барғанда Қанышпен қоштасар алдындағы пікір болатын. Мен: «Қоштасарда Қазақстанның жер астындағы бар байлығы осы кісінің басында сияқты көрініп кетті. Расында да солай еді»,— деп жаздым.

Осы ойымды тағы да қайталап отырмын. Ол — дара шыққан дарын еді.

Берілген бөлімдегі материалдар "ҚАНЫШ АҒА" Академик Қ.И.Сәтбаев туралы естеліктер кітабынан үзінді түрінде алынды.еді.

*Нурбике Бексұлтанқызы:*

Бүгінде Қазақстан мұнайға бай ел дегенді кеуде керіп мақтанышпен айтамыз. Сол мұнайдың көзі болған Маңғыстау түбегін алғаш тауып, өз болжамын айтып кеткен Қаныш Сәтбаев еді. Тіпті сол жерге Ақтау қаласын салуға тікелей ықпал еткен де Қаныш Имантайұлы болатын. Ол 1949 жылы Гурьев, қазіргі Атырау қаласында ҚазКСР ҒА-ның көшпелі сессиясын жүргізді. Сөйтіп, батыс Қазақстанның жер қойнауын кешенді зерттеуге мұрындық болды. Сол кезде оның басшылығымен, мұнай геологиясы, игеру, бұрғылау, өндіру мен тасымалдаудың негізгі мәселелері жан-жақты қаралды. Арада 30 жыл

өткенде, яғни, 1979 жылы Атырау облысынан әлемдегі алып мұнай кен орны табылды.

Өкінішке қарай, Сәтбаев тапқан сол мұнайдың мол қоры 90 жылдары трансұлттық алпауыттарға сатылып кетті. 1993 жылы Қазақстан Үкіметі мен Америкалық Chevron компаниясы келісім шартқа қол қойды. Келісім бойынша, америкалық алпауыт компания Теңіздегі мұнайды 40 жылға дейін барлап, өндіруге мүмкіндік алды...

Қаныш Имантайұлының тағы бір іргелі еңбегі - Жезқазған, Қарсақбай өңірлеріндегі мыс кен орындарын ашқаны еді. Ол жерден табылған ұшан-теңіз жер байлығы халықтың әлеуметтік, рухани әлеуетін көтерді. Одан бөлек Өскемен, Зырянь, Риддер өңірлерінен кен көздерін ашып, Орталық Қазақстандағы жер байлығын өндіруде үлкен еңбек сіңірді.

1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялайды.

1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген.

Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганецкені барланып, іске қосылған.

Ал, тәуелсіздік жылдары Қазақстан марганец қорынан әлемде – 3-орынды иемденген.

1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың тікелей ықпалымен Қазақстан Ғылым Академиясы құрылды. Ол орталық республиканың табиғи ресурстарын неғұрлым толық зерттеуге және пайдалануға, ел экономикасының ғылымы мен мәдениетінің өркендеп өсуіне үлкен мүмкіндік берді.

Қаныш Имантайұлы ғылым саласынан бөлек, тарих пен мәдениет саласында да мол еңбек қалдырды. Ш.Уәлиханов жазып алған Ер Едіге жырын қазақ оқырмандарына арнап, қайта дайындады. Сондай-ақ, Затаевичтің “қазақтың 500 ән-күйі” жинағына өз орындауында қазақтың 25 әнін қосты. Және, оған орыс тілінде ғылыми түсініктеме берді.

Ол кісінің атқарған еңбектерінен бөлек, азаматтық болмысы да бүгінге аңыз болып жетті. Әсіресе, ағылшын премьерінің алдында “Менің халқым менен де биік” деп ұлтының мәртебесін асқақтатқан тұлғаны біз де ұлықтауға тиіспіз.

## ***ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК***

Баянауылдағы Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық музейіндегі пікірлер кітабында мынадай жазба сақталып тұр: "Қаныш Сәтбаев – халқының ұлы баласы, кемеңгер ғалым, белгілі инженер. Қанекенің өмірлік жолы өз елін жақсы көрудің және ынтамен беріліп қызмет етудің үлгісі болды". Бұл сөздерді Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтқан еді.

Баянауылдағы музей қоғамдық бастамамен 1964 жылы ашылды. Сол кездегі политехникалық институт студенті Ғаділбек Шалахметов Алматыдан академиктің туған жеріне оның әйелі Тайсия Алексеевна Сәтбаева табыстаған заттарын, құжаттарын, фотосуреттерін әкелді.

Осылайша экспозиция негізі қаланған болатын. Жергілікті басшылық музейге арнап Мәдениет үйінің бір бөлмесін берді. Жәдігерлер саны уақыт өткен сайын артып, 1967 жылы Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық музейі мемлекеттік мекемелер қатарына енді.

Музейдің қазіргі ғимараты 1973 жылы салынды. 1989 жылы академиктің 90 жылдығына орай оған тағы екі қабат қосылды. Музей қорында 3657 экспонат бар, оның 1400-і экспозициялық залға қойылған.

"Сәтбаев пен оның отбасына тиесілі экспонаттар өте көп. Жеке заттары, сыйлықтар, кітаптар, минералдар коллекциясы. Оның өмірінде қолданған заттары, киімдері – үштік-костюм, пальто, қалпақ, аяқ киім, жұмыс үстелі, көзілдірік, ұстара станогы, тостаған және табакша, жазу заттары. 1966 жылы экспонаттарымыздың көп бөлігі Таисия Сәтбаеваның музейіне берілді", - деп бөлісті

Sputnik Қазақстан тілшісімен Баянауыл музейінің қызметкері Әлия Кашкеева.

Баянауылда Қаныш Сәтбаевтың 1941-1942 жылдардағы жұмыс жоспарының түпнұсқасынан басқа еңбектерінің көшірмелері қойылған. Басталған қойын дәптерлері бар, көбінесе өз қолымен толтырған.

Музейге Жезқазған бассейні аумағынан жинаған минералдар коллекциясы қойылған. Тағы бір маңызды жәдігер – 1956 жылы мүсінші Вучетич жасаған Қаныш Сәтбаевтың мүсіні.

"Қаныш Сәтбаевқа осындай ерекше сыйлықты оған алғашқы Ленин жүлдесін табыстау кезінде сыйлады. Музей ғимаратының кіреберісінде 2013 жылы тағы бір мүсін қойылды", - деді Кашкеева.

Музейде Қаныш Сәтбаев авторы атанған қазақ мектептеріне арналған алгебра оқулығының көшірмесі бар.

Аңыз ғалым Сәтбаевтың аты берілген Шорман ауылында музей ашылған. Жәдігерлер арасында замандастарының ол туралы аудиожазбалары, Сәтбаевтың сүйікті әндерінің жазбалары бар. Таспада ғалымның да дауысы жазылған.

"Мейіз Қанышқызы (Сәтбаевтың қызы) бізге екі қап минерал сыйлады. Оны әкелу қалай ауырға соққаны әлі күнге дейін есімде. Жүкті түсіріп алуға ғалымдар көмектесті. 1989 жылы 27 мамырда мектептің ескі ғимаратындағы физика кабинетінде музейіміз ашылды. Ақырындап академиктің туыстары бізге оның ер-тоқым, жүген, киімдері секілді жеке заттарын берді. Музей стендтерін павлодарлық суретші Бота Машрапов безендірді. Сәтбаевтың 100 жылдығында Теңдікте жаңа

мектеп ашылып, сол жерге музейіміз қоныс аударды", - деп әңгімеледі мектеп директоры Кайриден Мұзафаров.

Томскідегі политехникалық университеттің қызметкерлері мен студенттері үшін Қаныш Сәтбаевтың мерейтойы — үлкен мереке, деп хабарлайды Sputnik Қазақстанға ТПУ баспасөз қызметі.

2008 жылы Томскідегі геологтар аллеясында Қаныш Сәтбаевқа ескерткіш орнатылды. ЖОО-да ғалым атындағы аудитория бар. Ал университет музейінде оған ерекше бөлім берілген.

## ***ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ***

***1980***

1. Сарсекеев М.  
Сатпаев: биография отдельного лица / М. Сарсекеев;  
Авторизованный перевод с каз. С Плеханова. - М.:  
Молодая гвардия, 1980. - 319 с.

***1988***

2. Сәрсекеев М.  
Қаныш Сәтбаев: художественная лит-ра / М.  
Сәрсекеев. - Алматы: Жалын, 1988. - 528 бет.

***1989***

3. Брагин А. И.  
Первый академик: документальная повесть / А. И.  
Брагин. - Алматы: Казакстан, 1989. - 224 с.
4. Қаныш аға: Академик Қ.И. Сәтбаев туралы  
естеліктер / сост. Ш. К. Сәтбаева.: Жазушы, 1989. -  
400 бет.: суретті.
5. Сатпаев К. И.  
Избранные статьи о науке и культуре: историческая  
литература / К.И. Сатпаев; На двух языках. - Алма-  
Ата: Наука, 1989. - 440 с.
6. Сәтбаев Қаныш Имантайұлы: библиография / ред. А.  
А. Абдулин. - Алматы: Қазақ ССР-нің "Ғылым"  
баспасы, 1989. - 159 бет.

***1994***



7. Сәрсекеев М.  
Қуғындалған "Сәтбаев": естелік-эссе / М. Сәрсекеев.  
- [б. м.]: Шабьт, 1994. - 244 бет.

**1997**

8. Батырбеков Г. О.  
Наследие академика К.И.Сатпаева по общественным наукам: художественная лит-ра / Г.О. Батырбеков. - Алматы: Ғылым, 1997. - 240 с.

**1998**

9. Академик К. И. Сатпаев: из писем и заметок /  
Предисл.: Г.О.Батырбекова. На рус. каз. языках. - Алматы: Атамұра, 1998. - 160 с.

**1999**

10. Батырбеков Г. О.  
Академик К.И. Сатпаев и его современники / Г. О. Батырбеков. - Алматы: Рауан, 1999. - 176 с.

**2001**

11. Жолдасбекұлы М.  
Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы / М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек. - Алматы : Kul Tegin, 2001. - 356 б.

**2002**

12. Альжанов Т.М., Сатпаева М.К..  
Каныш Сатпаев-сын земли казахской / Альжанов  
Т.М., Сатпаева М.К. - Алматы: НИЦ "ҒЫЛЫМ", 2002.  
- 176 с.

**2004**

13. Үлкен Жезказған және академик К.И. Сәтбаев:  
ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /  
Жауапты ред. Ж.Ж. Наурызбай. - Алматы: Ғылым,  
2004. - 176 б.

**2006**

14. Сағындықова С.С.  
Н. Байғанин тарихымыздың атаулы тұлғасы / С. С.  
Сағындықова // Қазіргі дәуір және Байғанинтану  
мәселелері аймақтық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары. - 2006. - 247-251 б.

**2007**

15. Сағындықова С.С.  
Үлкен Жезказған байлығы / С. С. Сағындықова //  
"Педагогикалық білім беру ісі: тарихы және  
бүгінгісі" 7 желтоқсан, 2007ж.: конференция  
материалдары- "Педагогическое образование:  
история и современность.:"- Материалы  
конференции. - СБО.-199-202 б.

16. Сәтбаев К. И. Тандамалы: 1-том. Қазақстан-менің  
Отаным / К.И. Сәтбаев; Құраст.: К.А. Ақышев,

Т.М.Әлжанов. - 2-ші бас. - Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. - 384 бет.

17. Сатпаев К. И.  
Избранное: в 5-и томах. 2-том / Сост.: М.К.Сатпаева.  
- 2-е изд., сокр. - Шымкент : Оңтүстік полиграфия,  
2007. - 400 с.
18. Сатпаев К. И.  
Избранное: в 5-и томах. 3-том. Минеральные  
ресурсы и геологическое изучение Казахстана.  
Металлогения / Сост.: М.К.Сатпаева. - Шымкент:  
Оңтүстік полиграфия, 2007. - 400 с.
19. Сатпаев К. И.  
Избранное: в 5-и томах. 4-том. Наука Казахстана /  
Сост.: М.К.Сатпаева. - Шымкент: Оңтүстік  
полиграфия, 2007. - 400 с.
20. Сатпаев К. И.  
Избранное : в 5-и томах. 5-том. Научно-популярные  
и общественно-политические статьи, выступления /  
Сост.: М.К.Сатпаева. - 2-е изд., сокр. - Шымкент :  
Оңтүстік полиграфия, 2007. - 416 с.

## 2008

21. Сағындықова С.С.  
Қазақстанда түсті металлургияның даму тарихы. / С.  
С. Сағындықова // Отан тарихының келелі  
мәселелері атты республикалық ғылыми-теориялық  
конференцияның материалдар жинағы. - 2008. - 172-  
174 бет.

22. Сәрсеке Медеу.  
Қаныш Сәтбаев: роман-эссе / Медеу Сәрсеке. -:  
Фолиант, 2008. - 648 бет.

**2009**

23. Академик К.И.Сатпаев: сборник документов и материалов / Сост.: Б.Т.Жанаев, Н.П.Кропивницкий, К.А.Сакенова и др. - Астана: 1С-Сервис, 2009. - 560 с.
24. Умом и молотком. Исследователи недр Казахстана: к изучению дисциплины / Сост.: Н.Т.Кулкашев, А.М.Абубакирова, М.Е.Жораева и др. - Алматы : КазГЕО, 2009. - 400 с.

**2010**

25. Сағындықова С.С.  
Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қ.И.Сәтбаев шығармашылығы / С. С. Сағындықова // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары 22-23сәуір. - 2010. - 426-430 бет.

**2011**

26. Қаныш Сәтбаев: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 664 бет: 40 бет суретті.

**2012**

27. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. XX ғасыр.  
Ғұламалар тағылымы: Оқу-әдістемелік құрал /  
Құраст.: А. М. Сарбаева. - Көкшетау: Келешек-2030,  
2012. - 204 бет.

**2013**

28. Әбенова Г.  
Тарихи мәліметтер / Г. Әбенова // Математика және  
логика. - 2013. - №5. - 30-33б.
29. Құдайбергенова Қ.И.  
Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - қазақ ғылымының атасы  
/ Қ. И. Құдайбергенова // Тәрбие сағаты. - 2013. - №5. -  
13-15б.

**2017**

30. Бейсекеев А.  
Қаныш Сәтбаевтың рухани орталығы / А. Бейсекеев. - //  
Мәдени Мұра. - 2017. - № : 3. - 55. бет.

**2021**

31. Шыныбеков Ж.  
Бір ауылды аштықтан алып қалған академик / Ж.  
Шыныбеков. - // Ана тілі. - 2021. - №: 17 = 29 сәуір - 5  
мамыр. - 1-5 бет.

**2022**

32. Қожамарова Н.

"Философ халықтың ұлымын" / Назым Қожамарова. - //  
Ана тілі. - 2022. - №: 10 = 10-16 наурыз. – 7 бет.

## *МАЗМҰНЫ*

<i>Алғы сөз</i> .....	<i>4</i>
<i>Қ.Сәтбаевтың өмірі мен шығармашылығы</i> .....	<i>5</i>
<i>Қ.Сәтбаев шығармаларындағы нақыл сөздер</i> .....	<i>8</i>
<i>Қ.Сәтбаев туралы ой-пікірлер</i> .....	<i>9</i>
<i>Қ.Сәтбаев туралы естеліктер</i> .....	<i>13</i>
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i> .....	<i>16</i>